



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

УДК 316.2

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖАСТАР САЯСАТЫНЫҢ ДАМУЫ

Дүйсенбай Жансая

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Әлеуметтік жұмыс» мамандығы 2 курс студенті
Ғылыми жетекшісі – Капин Б.

Біздің болашағымыздың басты тірегі жастар екені сөзсіз. Жастардың әл-ауқатын дамыту әр мемлекеттің басты міндеті. Қазақ қоғамындағы жастардың орны орасан зор. Болашақтың иесі болған жастар- мемлекеттің мызғымас тірегі. Қазіргі кезеңде Қазақстандық жастар- келешегіміздің негізі ретінде өз білімімен, жасампаз еңбегімен және күш-жігерімен өз болашағын құрудың жаңа мүмкіндіктерін алуда.

Жастар ХХІ ғасырда Жаңа Қазақстанды дамыған, бәсекеге қабілетті және әлемдегі ықпалды мемлекет ретінде қалыптастыруға ат салысуда. Жастар мәселесіне қазір мемлекет тарапынан да, қоғам тарапынан да аса мән берілуде. Қазіргі Қазақстанның жастар саясаты әлі де болса өзінің қалыптасу кезеңінде келеді, бірақ бұл үрдістің нәтижелері бойынша: ұзақ мерзімді, көп кезеңді болашақтағы жастар саясатының негізі қалануда. Қазақ қоғамындағы жастар, әлеуметтік- демографиялық құрылымының айрықша тобына ие [1].

БҰҰ Мыңжылдық даму бағдарламасында негізгі шешуші мәселе ретінде – жастардың қалыпты өмір сүруі, денсаулығы, тиімді еңбек етуі секілді мәселелер қозғалды. Демографиялық көрсеткіші бойынша, елімізде жастардың жалпы саны 4 483 285 адам, оның 2 238 036-і қыз бала, 2 245 249-і ер бала. Ал, 29- жасқа дейінгі жас адамдар Республикада жастар халықтың 30 пайызын құрайды. Жастар саясаты туралы заң бойынша жастар 14-29 жас аралығын қамтиды. Жастар саясатына берілген анықтамада көрсетілгендей мемлекет жүзеге асыратын және жастарды қолдауға бағытталған әлеуметтік-экономикалық, саяси, ұйымдастырушылық және құқықтық шаралар жүйесі қызметінің аясы барысында базалық қалыптасу кезеңін шыңдайды [2].

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев: «Кез-келген ел өз келешегін болашақ ұрпағымен байланыстырады», -деген болатын. Сондықтан жастар қоғамның бір бөлігі ретінде мемлекетте маңызды рөл атқарады. Бүгінгі таңда Елбасының қолдауымен мемлекеттік жастар саясаты концепциясы бекітіліп, барлық облыстарда жастар саясаты бағдарламасы қабылданып, үкіметте және жергілікті басқару органдарының ішінен жастар ісі бөлімі ашылып, жұмыс істеуде. Стратегиялық бағдарламаларда негізінен қоғамның белсенді тобымен яғни, жастармен жүргізілетін жұмыс шаралары бекітілді. Ұлттық партия тарапынан «Жастар канатын құру» туралы Президент Н.Ә.Назарбаевтың ұсынысымен жастарға деген қамқорлық пен сенім білдіру бағыттары жүзеге аса бастады [3].

2011 жылдан бастап «Қазақстан жас депутаттарының қауымдастығы», және Республика көлемінде, бүкіл өңірлерде «Жастар» мәслихаттары жұмыс істейді. Мысалы, «Жас Қыран» және «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдерге арналған жаңа ұйымдар өз жұмыстарын бастады, ал осы шаралардың негізгі міндеті патриоттық сананы дамыта отырып, елге деген сүйіспеншілікті қалыптастыру болды. Қазіргі уақытта әлеуметтік-экономикалық жағдайларды жақсартуда, болашақ ұрпақтың қалыптасуы мен жан-жақты дамуында тек арнайы жастардың бағдарламалары ғана емес, сонымен қатар, елімізде іске асырылып жатқан саяси бағыттағы бағдарламаларда қоғам дамуына өз үлестерін қосуда. Мысалы, білім беруді, денсаулық сақтауды, тілдерді дамытуды, үдемелі индустриялы-инновациялық жүйелерді дамыту бойынша ауқымды мемлекеттік бағдарламалар жұмыс атқаруда. Соған сәйкес, мемлекеттік басқару органдарынан рұқсат етілген бірнеше

халықаралық бағдарламалар өз жұмыстарын бастап, атқаруда. Мысалы, «100 мектеп, 100 аурухана», «Балапан», «Жұмыспен қамту–2020», «Бизнестің жол картасы–2020», «Қолжетімді тұрғын үй–2020» бағдарламалары арқылы бағытталған [4].

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясатының міндеттеріне жалпылама халық арасынан,

- жастардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау;
- жастарға көмек беру;
- әлеуметтік қызметтер көрсету;
- жастардың әлеуметтік маңызды бастамаларын іске асыру болып табылады.

Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев біздің буынның сүйіп оқитын кітабына айналған «Қазақстан жолы» атты өз еңбегінде атап айтқандай, «Егер де жастар гуманизмді, білімді, жауапкершілікті, әділдікті таңдап алса және өзімшіл болмаса, онда олармен бірге табыс та ілесіп жүреді», - деген еді. Президентіміздің сілтеуімен халықаралық ұйымдар арасында «жастарға» арналған бірнеше жобалар жүзеге асырылып келе жатыр. Мемлекет тарапынан стратегиялық бағдарламалар да «жастар саясатына» үлкен мән беріліп, бағыттарымен бағдарлары атап көрсетілуде. Республика деңгейінде жастар партиясына мемлекеттік «Жас Отан» саяси партиясын атап айтуға толық негіз бар. «Жас Отан» саяси бірлестігі соңғы жылдар да 200-ге жуық жастар ұйымын біріктіріп саяси ұғым аясын кеңейтуде. Қазақстанда жастар саясатын жүзеге асыру саласындағы консультативтік кеңес органдары мемлекеттік жастар саясатын жасау мен жетілдіру бойынша жігерлі жұмыс атқарып жатыр. 2008 жылы Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Жастар саясаты жөніндегі кеңес құрылды. Осы құрам негізінде, яғни кеңес барысында, «Дипломмен ауылға», «Жастар практикасы», «Жастар резерві» секілді маңызды жобалар жүзеге асырылып жатыр. Елбасымыздың саяси стильіне сәйкес басқарушылық ұстанымдарында халыққа арналған «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек қоғамына 20-қадам» атты мақаласы барысында өскелең ұрпаққа арналған жаңа саяси құндылықтар қалыптасқан [5].

Жастар арасында «Жасыл ел», «Өркениетті ұрпақ» сынды «Жас Отан» жастар партиясының атқарылуымен бірге орасан зор көлемде саяси шаралар жүзеге асырылуда. Мәселен, еңселі ел ордамыздың ортасы саналатын бас қаламызда «Жастар жасампаздық жолында» атты 2016 жылы 1-ақпан күні Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде Жастар саясаты орталығы Болон үдерісі комитетінің ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасының Президенті-Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына «Қазақстан жаңа жахандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» атты Жолдауын студент жастар арасында кеңінен насихаттау, түсіндіру, талқылау мақсатында «Жастар жасампаздық жолында» атты дөңгелек үстел өтті. Елбасымыздың саралы саясатын саралауда, яғни қызу талқылауда «Нұр» филиялы «Жас Отан» ЖҚ төрағасының орынбасары Әлішер Тұрсын, білім ордамыздың «Алтын белгі» қауымдастығының төрағасы Мақсат Тәліпбаев пен «Сенім» кәсіподақ ұйымының атқарушы директоры Сұлтан Аллаберген қатысты. Жиын барысында жастар өз ойларын білдіріп, Елбасы Жолдауын талқылаған болатын [6].

Жастардың қоғам саясатына қосып жатқан үлес, көмектерін ескермей болмас. Қазіргі таңда мемлекет басында өзіндік қол таңбасын қалдырып жатқан саяси тұлғаларда көптеп кездесуде. «Жас депутаттың жарқын істері» атауымен халық арасына кең танылған, өнерлі әрі қазақ киносына өзіндік үлесін қосып үлгерген жас депутат Асылхан Төлеповтың іскерлік жолы да өз кезегінше өрбуде. Халық пен билік арасына алтын көпір іспеттес болған жахандық жаңа тың идеялары нәтижелерін беріп, еліміздің дамуына барынша өз үлесін қосуда [7].

Қорытындылай келе, жастардың қоғам өмірінде алатын орны өте ерекше және маңызды екенін көреміз. Жастар - ел болашағының тірегі. Арқа сүйер ардақтылары. Жасампаз алғыр өкілдері десекте қателеспейміз. Еліміздің дамуына үлесімізді қосуымыз үшін бәсекеге қабілетті біліміміз бен саяси сауатымыз толық жетілген болу керек. Сондықтан да әр бір ұлт өкілі, жастар тобы өзіндік саясатты ұстана отырып жаңа бір серпіліс әкелетін тың идеяларды ойластыруларымыз қажет және мемлекеттің дамуына қарқынды

түрде өзіндік үлестерімізді қосу арқылы гүлдендіріп, көркейтпекпіз. Менде жеке тұлға ретінде бұл саяси ауқымы кең тақырыпқа қосар өз ой-толғанысымды айтуды жөн көрдім. Қазақ халқы сонау қарт тарих куә болғандай сан ғасырлар бойы езгі мен тартыстан аман қалған рухы мықты қайсар ел. Ондай елдің нар тұлғалы әр бір азаматының бойында патриоттық сезімнің болуы әрине белгілі жағдай. Жастардың жалындаған қызу қарқынын дер кезінде қазіргі таңдағы атқарылып жатқан іс-шараларға сәйкес жүзеге асырар болсақ, Қазақ елі жахандық дамудың көш ілгері басында тұрары айдан анық. Сол себептен мемлекет тарапынан да қолдау жұмыстарымен көмек әрекеттерді үзбей отырар болса, сонау сан ғасырлар бойы армандаған ата-баба аманатындағы кемел келешек бүгінгі күнге айналмақ. Бұл мақаланы жаза отырып жаңа тың идеялармен ерекше серпілістер көзіне куә болғандаймын. Ниетті жан әрқашанда өз ісіне жемісті тірек табары сөзсіз! Сондықтан да Қазақ елінің өр рухты қайсар жастары әрқашан да дамудың алдыңғы сатысын да жүруі және де өз кезегінде бәйге көшінің тізгінін де өзі ұстаса ғана әлемді мойындатқан алпауыт елге айналамыз!

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Берікбол Дукеев <http://makala.kz/kogam/zhastar/>
2. Зайниева Л.Ю., Мемлекеттік жастар саясаты: Қазақстан әлемдік тәжірибе тұрғысында.- Алматы:Дайк-пресс, 2009-284б. (Рамазанова Ә.Х., филос.ғ.к.,әл-Фараби ат.ҚазҰУ доценті)
3. "Егемен Қазақстан" 2004 жылғы 14 шілде N 176. Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж.
4. www.stat.gov.kz «Жастар саясатында әлемдік тәжірибенің оң сипаты».
5. «Қазақстан 2020: болашаққа жол» Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы.
6. <http://youthpolicycenter.kz/ru/section/konkurs-geroy-nashego-vremeni.html>

УДК 32:316.37

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӘЙЕЛДЕРДІ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ

Дүйсенбай Жансая

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Әлеуметтік жұмыс» мамандығы 2 курс студенті
Ғылыми жетекшісі – Досмурзаева Д.О.

Әйел адам – отбасының ұйытқысы. Шаңырақтың шайқалмауында, ұлттың ұлт болуында әйелдердің рөлі орасан зор. Әйелі бұзылған қауымнан жақсы ел шықпайды, ол ел-ел болудан қалады.

Соған қатысты тағы бір мәселе, яғни әйелдің ең маңызды міндеттерінің бірі – үйдегі болған сырды сыртқа шашпау, сыр сақтау. Бұл салиқалы да пәк әйелге тән сипат [1].

Қоғам өміріндегі әйелдердің орны біздің еліміздің дамуымен тікелей байланысты. Әлеуметтік статус бойынша атқаратын қызметі мен жасап жатқан жұмыстарына байланысты бірнеше бөлімдермен жүзеге асады. Еліміздің егемендік алғанымызға 25 жыл уақыт болса да еліміздің жаһандық саясатта шеберлік танытып, халық пен ел абыройын еселеуде көптеген жерлерде жеңіске жетіп жүргені белгілі. Және үлгі-өнеге көрсетіп жүргенін дөңгеленген дүниенің барлық сырынан хабардар мемлекеттер жақсы біледі. Сондықтан да әлем елдерінің алдындағы оң саяси сипатымызды бұдан да мықтырақ етуді көздеп, демократиялық қағидаттарға негізделген гендерлік саясаттың арнасын кеңейтуіміз керек. Жалпы бұл саясат-әйелдердің әлеуметтік ортадағы негізгі орнын анықтай отырып, қоғам өмірімен байланысын жүзеге асыруға зор үлесін қосар еді [10].